

**"Теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы № 55-І
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 675 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 қазанда № 14343 болып тіркелді

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 10 ақпандағы № 55-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2729 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз портының капитаны туралы ережесінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Теңіз портының капитанына ПТӘ-нің мынадай қызметтерінің:

1) кеменің шығу әзірлігін және теңізде жүзуге жарамды жай-күйде теңізге шығуға р ұ қ с а т беруді тексерудің;

2) кемелердің портқа келуін және олардың порттан шығуын белгіленген тәртіппен р е с і м д е у д і ñ ;

3) кеме құжаттарын, сондай-ақ басшы және қатардағы құрамның тұлғаларына атақ беру дипломдарын, біліктілік куәліктерін, дипломдарының растаулары мен жеңілдікті р ұ қ с а т т а р д ы тексерудің;

4) кеменің порттан шығуына рұқсат беруге кедергі болатын кемшіліктерді жоюды тексеру мақсатында кемені бақылап тексеруді жүргізудің;

5) кемелерді Мемлекеттік кеме тізіліміне кеме кітабына, бербоут-чартерлік тізілімге және жасалып жатқан кемелер тізіліміне енгізу және кеме құжаттарын берудің;

6) кемелерге және жасалып жатқан кемелерге, кеменің немесе жасалып жатқан кеменің кепіліне меншік құқығын және оларға өзге де құқықтарды мемлекеттік тіркеу және кеме құжаттарын берудің;

7) «Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 147 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10709 болып тіркелген) Кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес авариялық жағдайларды тергеу;

8) Заңның 45-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру ережесіне сәйкес кемелерді міндетті лоцмандық алып өтуді белгілеу және лоцмандық қызмет жұмысын бақылаудың;

9) «Кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу, кемелердің порт акваториясы шегінде жүзуі мен портта тұру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 361 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10896 болып тіркелген) кемелердің портқа кіру және олардың порттан шығу, кемелердің порт акваториясы шегінде жүзуі мен портта тұру қағидалардың талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырудың;

10) порт кіреберістерінде және оның айдыны шегінде кемелердің мұз жарып жол ашуын бақылаудың ;

11) порт айдынында, кіреберіс каналдарда және фарватерлерде тиісті тереңдікті, навигациялық қоршау құралдары жарамдылығының сақталуын бақылау, сондай-ақ портта кемелердің өту қайраңдығын белгілеудің;

12) портта орналасқан кемелерді порт айдыны шегінде апатқа ұшыраған адамдар мен кемелерді құтқаруға қатысу үшін тартудың;

13) порт құрылыстарының техникалық жай-күйін және оларды пайдалануды бақылаудың ;

14) кемелердің порт капитанының иелігіндегі барлық навигациялық және гидрометеорологиялық ақпаратты алуы және олармен қамтамасыз етілуінің;

15) теңізге батқан мүлікті көтеруге, сондай-ақ порт айдыны мен аумағы шегінде құрылыстық, гидротехникалық және өзге де жұмыстарды жүргізуге рұқсаттар берудің;

16) «Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі № 251-І бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1956 болып тіркелген) Мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті беру ережесіне сәйкес мұнаймен ластанудан болатын залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлікті берудің;

17) радиолокациялық алып өту басталғанға дейін радиолокациялық алып өту тәртібін келісуді ;

18) Кемелер жүрісін басқару жүйесінің әрекет ету аймақтарындағы кемелер жүрісіне (аймаққа кіру, зәкірге қою, зәкірден алу, айлақтың кіреберісіне келу және арқандап байлау және одан кету, қайта арқандап байлау және тағы басқалар) рұқсат берудің орындалуын қамтамасыз ету жүктеледі.».

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Көлік

комитеті

(Ә. А.

Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрі

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
Ж. Қасымбек